

Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулері туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 47/297 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 желтоқсанда № 3525 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің мәтіні бойынша "селосының" деген сөз "ауылының" деген сөзбен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы мәслихатының 31.03.2021 № 4/26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 6-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 47-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Явленка ауылының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына карамастан, барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулеріне құқық берілсін:

- 1) бірінші сыныптан төртінші сыныпқа дейінгіні қоса алғанда - тегін жол жүру;
- 2) бесінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейінгіні қоса алғанда - қолданыстағы тарифтің 50 пайызын төлеу түрінде.

2. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
Есіл ауданы мәслихатының
сессия төрағасы*

Г.Аманжолова

*Солтүстік Қазақстан облысының
Есіл ауданы мәслихатының хатшысы*

Т.Мұқашев